



ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ:
ҚЫРЫҚБУЫНТӘРІЗДЕС
ӨСІМДІКТЕР

21.01.2016 ж
Сынып жұмысы



**Жаңа
сабақ
тақырыбы:**

§36.
Қырықжапырақ
тәріздес
өсімдіктерге
жалпы
сипаттама.
Плауантәрізді
өсімдіктер.



Сабақ жоспары


Жалпы сипаттамасы, құрылыс ерекшеліктері, көбеюі.

Плаунтәрізді өсімдіктер.

Тұжырымдау

Сұрақ жауап пікір алмасу.


Үй тапсырмасы






- Қырықжапырақтәріздестер - жоғары сатыдағы споралы өсімдіктердің ең ерте пайда болған тобы.
- Қазіргі-кезде қырықжапырақтәріздестердің **10 000-нан** астам түрлері белгілі. Қырықжапырақтылар тропикте ағаш, лиана (басқа өсімдікке оралып өсу) түрінде өседі. Суда өсетіндері де бар. Аустралия мен Жаңа Зеландияда ағаш болып өсетін түрлерінің биіктігі **20 метрге дейін жетеді**. Қазақстанда ағаш тәрізді қырықжапырақтәріздестерді тек **ботаникалық бақтардан** ғана көруге болады.

- Қырықжапырақтылар - тең споралы және әр түрлі споралы өсімдіктер. Қазақстанда көпжылдық шөптекті түрлері ғана кездеседі. Олардың кең тараған өкілдерінің бірі - **усасыр қырықжапырағы**. Ол ылғалды, көлеңкелі жерлерде, орман шетінде және сайлар мен жыраларда өседі.
- **Қырықжапырақтар өсімді, жыныссыз және жынысты жолдармен көбейеді.**



Плаунтәріздестер ерте дәуірде пайда болған. Олардың қазіргі кездегі өкілдері - көпжылдық мәңгі жасыл шөптекті өсімдіктер. Жойылып кеткен түрлерінің ішінде ағаштары да кездескен. Оның айырлана тармақталған майысқақ сабағы жерге төселе өседі.





- Қазіргі кезде **жылысқының (плаунның)** 200-500 түрі белгілі. Плаунтәріздестер - тең және әр түрлі споралы өсімдіктер. Тең споралы плаунтәріздестердің кең тараған өкілі - **шоқпарбас плаун**.
- Ол **қарағайлы ормандарда жиі кездеседі**.
- Плаун сабағының ішкі құрылысы өте қарапайым. Сабақтың сыртын жұқа өң жауып тұрады. Оның астында жақсы жетілген қабық қабатты болады.



Пайдасы

Плаундар жердің бетіне қаптай өсіп, топырақ түзу үдерісіне қатысады. Олардың іс жүзінде маңызы шамалы. Спораларын көп мөлшерде жинап, дәрі-дәрмек жасауға пайдаланады. Шөбін қайнатып, тұнбасын іш жүргізетін, несеп айдайтын және өтті тазартатын дәрі ретінде медицинада қолданады..



- Плаунтәріздестер бұдан **300 млн жыл** бұрын ағаш түрінде өркендеп, кең тараған жасыл өсімдіктер. Қазіргі кезде қылқанды және аралас орманда кездесетін шөптектес көпжылдық өсімдіктер түрінде таралған.

Плаунтәріздестер сабақты, ұсақ жапырақты және қосалқы тамырлы болып келеді. Табиғатта **200-500 түрі** бар деп есептеледі.

Плаундар өсімді, жыныссыз және жынысты жолмен көбейеді. Өсімді көбею төселіп өсетін сабақтардың үзінділерінен, ал жыныссыз көбею споралар арқылы жүзеге асады. Жынысты көбею кезінде аталық және аналық жұмыртқалар қосылып, ұрықтанады. Плаундардың спорасы және шөбі медицинада дәрі-дәрмекке пайдаланылады. Өнеркәсіпте плаун сары және жасыл бояу алынатын шикізат болып табылады.



Таралуы

Жер шарының біраз бөлігінде ылғалды климаттық зоналарда өсетін көпжылдық өсімдік.



• **Үйге тапсырма:**

✓ **§36 оқу.**

✓ **93 сурет. Шоқпарбас плаун және оның жаздық өркені.**

122 бет. Деңгейлік сұрақтарға жауап беру.





*Назар
аударғандарыңызға
рахмет.*

